

Баланың оқу іс – әрекетінде темперамент типтерінің ықпалы

Орындаған:Секенова Айдана

Зерттеу мақсаты – Темперамент
типтерін саралай келе, балаларды
жақсы мінез – құлық қасиеттеріне
тәрбиелеу әдістерін талдау.

Зерттеудің міндеттері:

- Темперамент, олардың типтері, психологиялық ерекшеліктері туралы ақпараттарды талдау;
- Бала темпераментін тәрбиелеу жолдарын зерттеу;
- Оқушылардың темпераменттерін анықтау үшін түрлі зерттеу әдістерін (тест, анкета т.б.) зерттеу арқылы оқу – тәрбие процесінде ескеруге бағыт беру;
- Темпераменттердің ерекшеліктерін талдау, типтерді өзара салыстыру және байланыстыру;

Темперамент деген не?

Темперамент (лат. *temperamentum* - бөліктердің қажетті арасалмағы) адамның психикалық іс-әрекетінің динамикасын сипаттайтын тұрақы жеке ерекшеліктердің: психикалық процестер мен күйлер ағысы қарқындығының жылдамдығының ырғағының - жиынтығы.

Темперамент дегеніміз психикалық процестердің өтуінің динамикалық ерекшеліктерін және адам мінез-құлқын, олардың күшін, жылдамдығын, пайда болуын, тоқталуы мен өзгерісін сипаттайтын қасиеттер жиыны

Темперамент түрлері

Түрлері

Холерик
Ұстамсыз,
жүйке жүйесі
күшті, қозу
басым

Сангвиник
Ширақ , жүйке
жүйесі күшті,
қозу мен
тежелуі тең

Флегматик
Ұстамсыз, жүйке
жүйесі күшті,
тежелу басым,
қозғалысы баяу

Меланхоли
к
жүйке жүйесі
әлсіз
адамдар

Ерекшеліктері

Күйгелек,
тынымсыз,
шамданғыш,
белсенді

Ашық,
көпшіл,
сөзшең,
қайырымды,
оптимист

Еңбекқор,
сенімді,
өте сақ,
байсалды,
салмақты,
бір қалыпты

Өкпелегіш,
пессимист,
тұйық, баяу

Жүйке жүйесінің типтері

күшті

әлсіз тип

күшті қозуы
тежелуінен басым
(ұстамсыз тип)

күшті қозуы мен
тежелуі тең (ширақ
тип)

күшті қозуы
мен тежелуі тең
(баяу тип)

Қай темпераменттің түрі жақсы?

Темпераменттің “жақсы”, “жаман” түрі болмайды. Әр типтің жағымды, жағымсыз жақтары болады. Сондықтан тек жағымды жақтарын дамыту керек. Темперамент түрлерінің психологиялық сәйкестілігі қарам-қарсы типтер игереді: холерик-флегматик, меланхолик-сангвиник. Барлық типтерге әмбебап серіктес флегматик болып есептелінеді.



Сангвиник темпераменті басым балалардың ерекшеліктері: ашық, көпшіл, сөзшен, кісіге қайырымды, қысылып-қымтырылмайды, оптимист, өмір сүйгіш, көтеріңкі көңілді, басшылыққа, жетекшілікке күштар. Мұндай бала жылдам және тез қозғыш, көңіл күйі жиі өзгергіш келеді, көп нәрсеге қызығады, бәрін біліп алуға тырысады, бірақ біреу бағыттап отырмаса, тез суып кетуі де ықтимал. Ақыл-ой әрекеті белсенді жүріп отырады. Сыныпта мұғалімнің айтқандарын қиналмай ұғады, сұрақ қоюға жаны құмар. Оның сөзі жылдам, анық, түсінікті, паузалар мен интонацияларды жақсы сақтайды, сөзді мөнерлей айтуға тырысады.

Флегматик темпераменті басым балалар ерекшеліктері. Ол өте сақ, ұяң, байсалды, жұртқа жақсылық тілейтін, сенімді, тұрақты, бір қалыпты. Флегматик темпераментіндегі бала сабырлы, орынсыз асып-саспайды. Сабақта тыныш отырады, жанындағы баланы мазаламайды. Ауыр мінезді, көрсе қызар емес, мәселені тез шешуге асықпайды, салқынқанды. Бір істі бастаса салпақтап соңынан қалмайтын бала. Мұндай балалардың сезімдері сырт әлпетінен көрінбейді десе де болады. Ол оқушының дауыс екпіні баяу келеді, аптықпай, асып-саспай сөйлейді, сөзі ым-ишаралармен ерекшеленіп тұрмайды.

Холерик темпераменті басым балалардың ерекшеліктері. Бұл ұшып-қонып тұратын, күйгелек, тынымсыз, шамданғыш, көңіл күйіжиі өзгертін, қарым-қатынаста аумалы-төкпелі, тұрақсыз, соқпа мінезді, белсенді пысық, бірақ бейқам, ашуланшақ бала. Мұндай оқушы қимыл-әрекетті сүйеді. Әдетте оның қимыл-қозғалысы батыл, шапшаң болады.

Меланхолик темпераменті басым оқушының ерекшеліктері. Сәл нәрсеге ренжиді, өкпелегіш, пессимист, тұйық, сөзге сараң, аса баяу қозғалатын жайбасар. Мұндай оқушылардың сезімталдығы өте баяу көрінгенмен, онысы терең және ұзақ уақытқа созылады. Меланхоликтер мектеп өміріндегі оқиғалардың бәрін үлкен мен қабылдап, оларды көп ойлайды. Мәселен, мұғалім оны тақтаға шақырып есеп шығартса, мұның өзі оған кейде әлдеқандай зор әсер етеді.

Қорытынды

Темпераменттердің адам психикасынан алатын орнын топырақтың өсімдікке тигізетін імен салыстыруға болады. Өйткені темперамент — адамның табиғи жағын көрсететін басты белгілерінің бірі. Әйтседе, темперамент адам психологиясының бүкіл мазмұнын көрсете алмайды. Өмір сүру барысында біртіндеп қалыптасып отыратын адамның дүниетанымы мен сенімі, қызығуы мен қажеті, мұраты мен талғамы, оның темпераментіне тәуелді емес.